

**2006 жылы тестілеудің баллдарын жоғары оқу орындарының магистратурасына шет тілдері бойынша түсу емтихандарының бағаларына ауыстыру шкаласын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 18 тамыздағы N 453 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 29 тамызда тіркелді. Тіркеу N 4357

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының магистратурасына үміткерлерді конкурстық іріктеуді өткізу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2006 жылы тестілеудің баллдарын жоғары оқу орындарының магистратурасына шет тілдері бойынша түсу емтихандарының бағаларына ауыстырудың мынадай шкаласы бекітілсін:

0 - 30 балл	-	"2"»қанағаттанарлықсыз
31 - 60 балл	-	"3" қанағаттанарлық
61 - 80 балл	-	"4" жақсы
81 - 100 балл	-	"5" өте жақсы

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (М. Нұрғожин):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты жоғары оқу орындары ректорларының назарына жеткізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*